

2023-2024 оқу жылы

**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің
отырысы**

Ақтөбе қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«№ 30 қазақ орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное учреждение
«Казахская средняя школа № 30»
государственного учреждения
«Отдел образования города Актобе»

030020, Ақтөбе облысы , Ақтөбе қаласы,
Тургенев көшесі, 70 «А»
тел/факс: 8(7132)) 46-03-79; 46-03-94

030020, Актюбинская область, город Актобе
улица Тургенева, 70 «А»
тел/факс: 8(7132)) 46-03-79; 46-03-94

« 17 » 11 2023ж

№356 н/к

Мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 12 қантардағы №6 бүйрығы негізінде

Б Ұ Й Р А М Ы Н:

1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі төмендегі құрамда құрылыш
бекітілсін:

- 1.Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің төрайымы-
И.Амитжанова- мектеп директоры
2. К.Сүлейменова- директордың оку-ісі жөніндегі орынбасары
3. Б.Космагамбетова –мектеп психологі
4. Г.Аккалашева –мектеп психологі
5. Г.Идирисова-Педагог-логопед
6. А.Әлеуметтік педагог – Танашибаева А.
7. Пән мұғалімдері

2.Осы бүйрықтың орындалуын бақылау директордың оку ісі жөніндегі
орынбасары К.Сүлейменоваға, тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары М.Мукатоваға жүктелсін.

Мектеп директоры



И. Амитжанова



Бекітемін
Мектеп директоры
И.Амитжанова
2023ж

**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2023-2024 оку
жылына арналған жылдық жоспары**

ППКК мамандарының іс-әрекеті

- Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау;
- Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен әдістерін анықтау;
- Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жеке және топтық сабактарды өткізу;
- Мұғалімдерге, ата-аналарға кеңес беру;
- Өзін-өзі дамытуды әдістемелік-үйымдастырушылық жұмыс;
- Әлеуметтік серіктестіктермен өзара байланыс.

№	Іс-әрекет мазмұны	Орындаушылар	Мерзімі	Бақылау формалары
1	2	3	4	5

**Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау;
Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен әдістерін анықтау;**

1	ЕББҚ бар оқушылармен және олардың отбасымен танысу	Мұғалім, ППКК мамандары	Қыркүйек	<ul style="list-style-type: none"> - Ата-аналармен сұхбат - хаттамасы; - Ата-аналар сауалнамасы; - Коммуникативті тәлқүжат (1 а, 1 б, 1в формалары).
2	ЕББҚ бар оқушыны бірнеше күн бойы сабакта бақылау	Мұғалімдер, ППКК мамандары	1) Қыркүйек, желтоқсан, мамыр	<ul style="list-style-type: none"> - Оқушыны сабакта бақылау хаттамасы (2а, 2б формалары)
3	Оқушының негізгі пәндер бойынша оқу жетістіктерін критерталды	Мұғалімдер	1) Оқу жылдың басында, аяғында.	<ul style="list-style-type: none"> - Оқу пәндері бойынша жетістік

	бағалау. Дамудың «жақын аймағы» мен «өзекті аймағын» анықтау		2) Жыл бойы	картасы; 3 форма ТЖБ, БЖБ
4	ЕББҚ бар окушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін терең зерттеу: - Психологиялық бақылау; - Арнайы педагогикалық бақылау; - Логопедиялық бақылау; - Әлеуметтік педагогикалық бақылау.	ППҚҚ мамандары	Қыркүйек, желтоқсан, мамыр	- Сөйлеу картасы; - Психологиялық бақылау хаттамасы; - Оқушы мінездемесі. 3-форма.Әр маманмен толтырылады.
5	1) Окушылардың оку қындықтарын және олардың себептерін үжымдық талқылау; 2) Окушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын құру	Мұғалімдер, ППҚҚ мамандары, ата-аналар Мұғалімдер, ППҚҚ мамандары	Қыркүйек, желтоқсан, мамыр Қыркүйек 2,3,4 тоқсан басында	- ППҚҚ отырысының хаттамасы, 4-форма - Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы 5-форма; - Қысқартылған және жеке оку бағдарламасы
Ерекше білім беруді қажет ететін окушылармен жеке және топтық сабактарды өткізу				
6	ЕББҚ бар окушыларды топтастыру, сабак кестелерін құру	ППҚҚ мамандары	1,2,3,4 тоқсан басында	- Мамандардың сабак кестесі
7	Жеке және топтық сабак кестелері	ППҚҚ мамандары	Жыл бойы	- КТЖ, сабак жоспарлары

8	Оқушылармен жұмыстың аралық нәтижелерін талқылау	Мұғалімдер, ГПҚҚ мамандары	Қыркүйек, желтоқсан, мамыр	- 2а, 2б, 3- формалар
Психологиялық-педагогикалық кеңес беру				
9	Мұғалімдерге, ата-аналарға кеңес беру, семинарлар өткізу	ГПҚҚ мамандары	Жыл бойы	Журналдарға тіркеу
Өзін-өзі дамытуда ұйымдастыруышлық-әдістемелік жұмыс				
10	Жұмыс кабинетін әдістемелік-дидактикалық құралдармен толықтыру	ГПҚҚ мамандары	Жыл бойы	Дидактикалық материалдар
11	Біліктілікті арттыру курсары мен семинарларға қатысу	ГПҚҚ мамандары	Жыл бойы	Сертификат
12	Жасалған жұмысқа есеп	ГПҚҚ мамандары	Мамыр	Мамандар есебі



**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2023-2024 оку
жылына арналған жылдық жоспары**

№	Мазмұны	Жауапты
1.	<p><i>1 класс білім алушыларының мектепке дайындығы, бейімделуі</i></p> <p>1 класс білім алушыларының мектепке дайындығы, бейімделуіне арналған «Керн-Йерасик», «Андар мектебі», өзін-өзі бағалау баспалдағы тестінің қорытындылары, 1 класс білім алушылардың ата-аналарына жүргізілген сауалнама,</p> <p>Өткізілген логопедиялық зерттеу қорытындылары</p> <p>1 класс білім алушыларға мінездеме</p> <p>1 класс білім алушылардың әлеуметтік жағдайы</p> <p>1 класс білім алушылардың денсаулық жағдайы</p>	<p>Г.О. Аккалышева – мектеп психологи</p> <p>Класс жетекшілер</p> <p>А.А. Танашибаева – әлеуметтік педагог</p> <p>Г.С. Идирисова – мектеп логопеді мектеп медбикесі</p>
2.	<p><i>5 класс білім алушылардың орта буынга бейімделуі</i></p> <p>5 класс білім алушыларының орта буынға бейімделуіне арналған «Социометрия», оқу мотивациясын анықтауға «Лусканова» тесті, мектептегі мазасыздығын анықтауға Филлипс тестінің өткізілген корытындылары, түзету-дамыту жаттығулар</p> <p>5 класс білім алушыларға мінездеме</p> <p>5 класс білім алушылардың әлеуметтік жағдайы</p> <p>5 класс білім алушылардың денсаулық жағдайы</p>	<p>Г.О. Аккалышева – мектеп психологи</p> <p>Класс жетекшілер</p> <p>А.А. Танашибаева – әлеуметтік педагог</p> <p>Г.С. Идирисова – мектеп логопеді мектеп медбикесі</p>

3.	<p>10 класс білім алушылардың жоғары буынга бейімделуі</p> <p>10 класс білім алушыларының орта буынға бейімделуіне арналған «Социометрия», оқу мотивациясын анықтауға «Лусканова» тесті, агрессиялық мінез құлықты анықтайтын сауалнама «Басса-Дарки», «Дасс» сауалнамасы, оқу мотивациясына арналған анкета.</p> <p>10 класс білім алушыларға мінездеме</p> <p>10 класс білім алушылардың әлеуметтік жағдайы</p> <p>10 класс білім алушылардың денсаулық жағдайы</p>	<p>Б.А. Қосмағамбетова – мектеп психологы</p> <p>Класс жетекшілер</p> <p>А.А. Танашибаева – әлеуметтік педагог</p> <p>мектеп медбикесі</p>

Бекітемін

Мектеп директоры

И.Б.Амитжанова

«01» 09 2023ж

«№30 қазақ орта мектебі» КММ-сінің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі туралы ережелер

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ережелер №30 қазақ орта мектебіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (әрі қарай қолдау қызметі) жұмысын реттейді.

1.2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі оқу-тәрбиелеу үдерісінің барлық қатысушыларына көрсетілетін көмек пен қолдаудың ерекше түрі болып табылады. Ол әрбір баланы мүмкіндіктері мен қажеттілігіне сәйкес табысты оқыту мен дамытуға арналған әдеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайларды құратын мамандардың бір тұтас, жүйелі түрде ұйымдастырылған әрекетін білдіреді.

1.3. Қолдау қызмет әрекеті:

- 1) мектепке бейімделмеу және окуда қындықтары бар балалардың «қатер» тобын дер кезінде анықтауға;
- 2) окушылардың дамудағы ауытқушылықтарын (анықталған сәттен бастап) женуге арналған психологиялық-педагогикалық көмекті ерте көрсетуге;
- 3) окушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды білім беру үдеріс жағдайындағы балалар мен жасөспірімдерді тиімді дамытумен, әлеуметтендіру, деңсаулықтарын сақтау және нығайтумен, құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асыруға;
- 4) балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағымды жағдайларды құруды есепке ала отырып, білім беру үйімінің дамыту бағдарламасын әзірлеуге және жүзеге асыруға көмектесуге;
- 5) педагогтардың, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін (психологиялық мәдениеттілікті) артыруға;
- 6) окушыларды оқыту мен тәрбиелеу, түзете дамыту жұмысының нәтижелерін мониторингілеуді (психологиялық мониторинг) жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

1.4. Мектептік құрылымның бір бөлімі болып табылатын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әр түрлі білім беру деңгейлерінде жүзеге асыратын міндеттері:

- 1) бастауыш мектеп – мектепте оқуға дайындығын анықтау, мектепке бейімделуін қамтамасыз ету, окушылардың оку әрекетіне деген қызығушылығын арттыру, танымдық және оку уәждерін дамыту, дербестік пен өзін реттеу қабілетін дамыту, «оқи білу» және қалауын қалыптастыруды қолдау, әрбір окушының жеке ерекшеліктерін және әлеуеттік мүмкіндіктерін есепке ала отырып шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- 2) негізгі мектеп – окушының негізгі мектепке көшуде қолдау, оқытудың жаңа талаптарына бейімделу, жеке тұлғалық және құндылықты-мағыналық өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту міндеттерін шешуде қолдау, жеке тұлғалық мәселелері мен әлеуметтендіру мәселелерін шешуде, өмірлік дағдыларын

калыптастыруда көмектесу, неврозды алдын ала емдеуде, ата-анасымен және құрдастарымен құрылымды қатынасты құрастыруда көмектесу;

- 3) орта мектеп – окушыға бейінді бағдарлауда және кәсіптік түргыда өзін-өзі анықтауда, экзистенциалдық мәселелерді (өзін-өзі тану, өмірдің мәнін іздеу, жеке бірдейлікке жету) шешуде қолдау, уақытша келешекті, мақсатты тұжырымдау қабілетін дамыту, психоэлеуметтік құзыреттілікті дамыту.

1.5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі қағидалары:

- 1) баланың қандай да бір даму мәселесін шешуде кешенді, пәнаралық тәсілдеме;
- 2) білім беру үдерісіндегі баланың дамуын қолдаудың үзіліссіздігі;
- 3) қолдау үдерісін ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыру;
- 4) қолдау әрекетін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау (болжау);
- 5) мүмкіндіктергі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша шараларға ата-аналарды, педагогикалық және балалар ұжымын белсенді қатыстыру.

2. №30 қазақ орта мектебіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру

2.1. Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің (әрі қарай ОПМПК) тұжырымдамасы мен ұсынысының негізінде, сондай-ақ оқушыларды №30 қазақ орта мектебінің штаттық мамандарының (педагог-психолог, логопед мұғалім, арнайы педагог, әлеуметтік педагог, ЕДШ маманы, медициналық қызметкер) диагностикалық тексерулерінің нәтижесінде жүзеге асырылады.

2.2. №30 қазақ орта мектебінің директорының бұйырығымен тағайындалған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің төрағасы аталған қызметті басқарады. Қызметтің барлық мамандары қолдау бойынша бірлескен әрекеттерін лауазымдық ережелер мен атқарымдық міндеттемелерге сәйкес атқарады. Қызметтің жұмысына пән мұғалімдері, білім алушылардың ата-аналары, үйірмелердің (секциялардың) жетекшілері, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері және басқа да қызығушылық танытқан тұлғалар тартылуы мүмкін.

2.3. №30 қазақ орта мектебіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі өзінің жұмысында балалардың құқықтарын қорғау саласындағы: баланың құқығы туралы БҰҰ конвенциясын, мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ декларациясын, балаларды қорғау және дамыту, өмір сүруін қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларацияны, КР «Білім туралы» Заңын, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңын, КР ОА министрлігінің бұйрықтары мен ұсынымдарын, №30 қазақ орта мектебінің жарғысын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру үйымдарында психологиялық-педагогикалық қолданап отыру қағидаларын бекіту туралы» (2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы) және осы ережелерді басшылықта алады.

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты мен міндеттері

3.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты білім алушыларды табысты оқыту мен әлеуметтендіру, оларды барынша дамытуға жағдай туғызуға бағытталған ағарту, диагностикалық және түзету шараларының кешенін жүзеге асыру жолымен білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруға тарту болып табылады. Бұнда қолдау нысаны білім беру үдерісі, ал қолдау мәні – баланы дамыту жағдайы болып табылады.

3.2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің міндеттері:

- білім алушының құқығы мен жеке бас қызығушылықтарын қорғау, олардың окуы мен психологиялық және дене тұрғысынан дамуын қауіпсіз жағдаймен қамтамасыз ету, психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік мәселелерді шешуде көмектесу және қолдау;
- баланың дамуы мен окуында туындауы мүмкін мәселелердің алдын алу үшін баланың даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін кешенді түрде диагностикалау;
- білім беру үдерісінің барлық субъекілерінің арасындағы өзара түсіністік пен өзара әрекеттенуді ынғайтуға көмектесу;
- окушылар, педагогикалық қызметкерлер, ата-аналар арасында кеңестік ағарту жұмысын жүргізу.

3.3. Баланы және оның жанұясын қолдау туралы шешім қызметтің барлық мамандарымен бірге, ПМПК-тің тұжырымдамасы мен ұсыныстарының негізінде қабылданады.

3.4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі білім беру, деңсаулық сактау, әлеуметтік қорғау ұйымдарымен және мекемелерімен, окушыларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруға көмектесетін әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста жұмыс істейді.

4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттары

4.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттары:

- психологиялық-әлеуметтік диагностика – білім алушылардың бастапқы мүмкіндіктерін, жеке ерекшеліктерін және жеке басының бейімділігін, оку және тәрбиелеу үдерісіндегі әлеуетті мүмкіндігін, сондай-ақ окушылардың дамуындағы ауытқышылықтарды, оқудағы, әлеуметтік бейімделудегі қындықтардың себептерін, мүмкін болатын және іс жүзіндегі әлеуметтік қатер тобын анықтау бойынша зерттеулер жүргізу;
- психологиялық түзету жұмысы – окушылармен түзете дамыту жұмысын жүргізу мен бағдарламаны әзірлеу бойынша педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтың, логопед мұғалімнің, дефектолог мұғалімнің, дәрігердің бірлескен жұмысы, әлеуметтік-психологиялық тернингілерді, рәлдік ойындарды, білім беру үдерісіне қатысушылардың жалпы және арнайы қабілеттерін дамыту бойынша педагогикалық ұжым мен ата-аналардың арасындағы топтық дискуссияларды ұйымдастыру және өткізу;
- әрбір жастық кезеңде окушылардың, тәрбиленушілердің жеке бастық толық құнды дамуына және өзін-өзі тануына жағдай тудыру, сондай-ақ тұлғалық дамуы мен зерде дамуында мүмкін болатын бұзылыстардың алдын алу

- мақсатындағы білім беру үдерісіне қатысушыларды психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік тұрғыда ағарту;
- білім беру үдерісіне қатысушыларға әр түрлі психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-медициналық мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық кеңес беру;
 - өмірдегі қызын жағдайларды жеңу үшін окушылар мен ата-аналарға көмектесу;
 - окушыларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша педагогтарға кеңес беру;
 - ұйымдық-әдістемелік қызмет – ұйымдық-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды (қолдау нәтижелерін талдау және жинақтау, ғылыми зерттеу жұмыстарының материалдарын өндөу) жүргізу;
 - тәрбиелеу және әлеуметтендіру мәселелері бойынша әдістемелік бірлестіктер, семинар практикумдер, конференциялардың жұмысына қатысу; тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын есепке ала отырып, оларды сауықтыру бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу; инновациялық әдістерді менгеру бойынша семинарлар, тренингілер мен кеңес жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу;
 - мүмкіндіктері шектеулі балалар туралы мәліметтер қорын қалыптастыру;
 - психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік қолдау бойынша отандық және шетелдік ғылым мен практиканың жетістіктерін зерттеу.

5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттамасы

- 5.1. №30 қазақ орта мектебінің директоры бекіткен, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жылдық жұмыс жоспары.
- 5.2. №30 қазақ орта мектебінің директоры бекіткен, қолдау мамандарының жұмыс кестесі.
- 5.3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырысының жылдық жұмыс жоспары мен хаттамалары.
- 5.4. Окушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жеке бағдарламалары.
- 5.5. Топтық тақырыптық кеңес беру және ата-аналардың жеке санаттарына кеңес беру жоспарының кестесі.
- 5.6. Білім беру үдерісіне қатысушыларға арналған оқыту семинарларының тақырыптары және өткізу кестесі.
- 5.7. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын жылдық талдау.

6. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының жауапкершіліктері

6.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының КР заңнамасымен бекітілген тәртіпте төменде берілгендеге қатысты жауапкершіліктері:

- №30 қазақ орта мектебінің ішкі еңбек тәртіп ережелерін және жарғысын, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшысының бүйрығын және басқа да жергілікті нормативтік актілерді, лауазымдық міндеттемелерді орынды себепсіз орындамау немесе толық және дұрыс орындамау;
- түзету сабактары уақытындағы балалардың өмірі мен денсаулығы;
- баланы тексеру барысында өзінің құзыреттілігінің аясында негізделмеген тұжырымдама жасау, осының себебінен баланың дene және психикалық денсаулығының нашарлауы;
- баланың құқығы мен жеке бастық еркіндігін сактау;
- тексеру кезінде алынған мәліметтердің қупиялышы;
- құжаттаманы жүргізу және оны сактау;
- еңбек тәртібін, өндірістік санитарияны және өрттен қауіпсіздік ережелерін сактау.

«№30 қазақ орта мектебі» КММ

**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 1-отырысының
хаттамасы**

28.09.2023ж

Откізілген орын: 14 кабинет

Қатысқандар:

I. Әкімшілік мүшелері:

Амитжанова И. – мектеп директоры

Сүлейменова Қ. – директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары

II. Білім алушылардың класс жетекшілері

III. Мектеп психологтары:

Қосмағамбетова Б.

Бекетов Қ.

IV. Мектеп логопеді:

Идирисова Г.

Мектеп әлеуметтік педагогы Танашибаева Ә.

Күн тәртібінде:

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту .ППҚҚ құру туралы бұйрық, ППҚҚ жұмысының жоспары;
2. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындыларымен танысу және ПМПК қорытындысына сәйкес жеке оку жоспарларын бекіту;
3. Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру алгоритмі; оқушының ПМПК шешімінің қорытындысына сәйкесінше бағдарламалар құрастыру,
4. ЕББҚ ететін оқушыларға толтырылатын құжаттардың үлгілері; бекітілген формалар

Тындалды:

Күн тәртібінде қаастырылған бірінші мәселе бойынша мектеп директоры И.Амитжанова сөз алды. 2022-2023 оқу жылындағы мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамын таныстырып, ППҚҚ жылдық жұмыс жоспарын бекітті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы Сулейменова Қ. ақпарат берді. Мектептегі ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың ПМПК қорытындылары мен ұсыныстарымен таныстырды. 2023-2024 оқу жылында мектебімізде 1 окушы өзінің ПМПК шешімін күтіп отыр, 4 окушы бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқытылады. окушы үйден білім алуда.

4 «б» сынып окушысы – Сәрсенгали Эли ПМПК №35597 (01.06.2024 ж дейінгі мерзімінде) қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

5 «ә» сынып окушысы – Мералиева Айсұлу ПМПК №7112 (05.2026 ж мерзіміне дейін) қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

5 «в» сынып окушысы-Ибрахимова Дина ПМПК №33933 (10.11.2024 ж мерзіміне дейін) қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

7 «а» сынып окушысы –Макади Айша ПМПК №7158 (05.2026 мерзіміне дейінгі) қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

5 «в» сынып окушысы Жалғасбеков Ерасыл ПМПК қорытындысын күтіп отыр.

Үйден оқытын бойынша ЕББҚЕ білім алушылар 6 «б» класы Жалғасбекова Арай ПМПК шешімі №36449 (01.06.2027 жыл мерзіміне дейін) женіл зерде бұзылысы, тірек -қымыл аппараты бұзылысы (орташа бұзылысы, өздігінен жүре алмау қындығы), СТЖБ II деңгейі) (дәрігерлік консультация шешімі -28.10.2022ж №503)

Давлетов Алмаз 6 «в» класы , ПМПК шешімі №33646 (16.09.2025 жыл мерзіміне дейін) женіл ақыл ой бұзылысы. (Дәрігерлік консультация шешімі) 21.09.2022ж №155)

Жоғарыда аталған окушыларға ПМПК ұсынысына сәйкес жеке оқу жоспарының мазмұны талқыланып, бекітілді.

Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша логопед Идирисова Г. ақпарат берді. Ерекше білім беруді қажет ететін окушыларға жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру алгоритміне тоқталды. Терең педагогикалық диагностика нәтижесіне сәйкес бірінші және екінші жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламалары құрастырылу (ұлгілері берілді), арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлері қолданылатындығы айтылды. Дене шынықтыру, көркем еңбек, АКТ пәндері жалпы білім беру бағдарламаларымен оқытылады.

Бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары әр тоқсан сайын окушылардың жетістіктер картасын толтыру арқылы жасалатындығы айтылып, көрсетілді (ұлгілері берілді). Ерекше білім беруді қажет ететін окушыларға толтырылатын құжаттардың ұлгілеріне тоқталды. «Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдістемелік нұсқаулық/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ТП ҰФПО, 2019. – 92 б.» әдістемелік нұсқаулығында берілген формалар көрсетіліп, толтыру жолдары ұсынылды. Күн тәртібіндегі 4-ші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Танашбаева окушылардың әлеуметтік жағдайымен таныстырып отті, Мектеп психологиялары Қосмағанбетова Б, Бекетов Қ білім алушыларды психологиялық –педагогикалық қолдау қызметінің толық жоспарымен таныстырып отті.

Ұсыныс:

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту;
2. ПМПК қорытындысына сәйкес жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын құрастыру және жүзеге асыру;
3. ЕББҚ бар окушылардың құжаттары ұлгілерге сәйкес рәсімдеу (1, 1а, 2а, 2б, 3, 4, 5, 6 формалар);

Шешім:

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттары бекітілсін;
2. ПМПК қорытындысына сәйкес жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары құрастырылып, жүзеге асырылсын;
3. ЕББҚ бар окушылардың құжаттары ұлгілерге сәйкес рәсімделсін;

Хатшы

Бекетов Қ

Мектеп директоры

Амитжанова И.Б

*Түзету-дамыту
жұмыстары*



Ақтөбе қаласындағы «№30 қазақ орта мектеп» КММ

**«5 класс білім алушылардың ортага бейімделу» тақырыбында откізілген
психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2-отырысының
хаттамасы**

20.11.2023ж

Откізілген орны: № 18 кабинет

Катысқандар:

I. 5 класс білім алушылардың класс жетекшілері:

Салиева Ж. – 5 «А» класс
Абдильдина Г. – 5 «Ә» класс
Қожанова Ж. – 5 «Б» класс
Еркінқызы Э. – 5 «В»

II. Әкімшілік мүшелері:

Амитжанова И. – мектеп директоры
Сүлейменова Қ. – директордың оку-ісі жөніндегі орынбасары

III. Мектеп психологтары:

Қосмағамбетова Б.
Аккалышева Г.

IV. Мектеп логопеді:

Идирисова Г.

V. Әлеуметтік педагог:

Танашибаева А.

VI. 5 класс білім алушылардың пән мұғалімдері

VII. Мектеп медбикесі

Калиева Д.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты:

- Сынып ұжымы мен әрбір жеке тұлғасының ерекшеліктерін зерттеу.
- Әрбір білім алушының жеке тұлғасының дамуына қолайлы жағдайларды үйімдастыру, білімі мен біліктілік дағдысындағы кемшіліктерді жоюдың педагогикалық шаралар жүйесін, белгілі бір педагогикалық көзқарасын туғызу.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 5 класс білім алушылардың бейімделуіне салыстырмалы талдау жасау.
2. 5 класс білім алушылардың әлеуметтік жағдайы.
3. 5 класс білім алушыларға класс жетекшілердің мінездеме беруі
4. Пән мұғалімдері сабакта кездесетін қыншылықтары мен білім алушыларға мінездеме беруі
5. 5 класс білім алушылардың денсаулық жағдайы.
6. 5 «В» класс білім алушы Жалғасбеков Ерасылға мінездеме

Тыңдалды:

- Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2-ші отырысында мектеп психологтары Қосмағамбетова Б., Аккалышева Г. орта буынға бейімделуге байланысты тренинг өткізді.
 5 класс білім алушылардың психологиялық жағдайы мен өткізілген тест қорытындыларының нәтижелерімен таныстырыды.
 5 класс білім алушыларының орта буынға бейімделуіне арналған «Социометрия», оку мотивациясын анықтауға «Лусканова» тесті, мектептегі мазасыздығын анықтауға Филлипс тестінің қорытындылары, ата-аналарға арналған сауалнамаларды, өткізілген түзету-дамыту жаттығуларды атап өтті.
 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 5 «В» кластарының сабактарына қатысып, психологиялық талдаулар жасалды. Білім алушылардың мектепке көзқарасы зерттелді.

5 класс білім алушылардың мектепке, сабак процесі мен мектептегі жағдаяттарға деген эмоционалды реакциясын анықтау нәтижелері



Зерттеу қорытындысы бойынша білім алушылардың мектепке, класқа, бейімделуін анықтау нәтижесінде төмен көрсеткен окушылар болды.

- Мектептің әлеуметтік педагогы Танашибаева А. 5 класс білім алушылардың әлеуметтік жағдайын атап өтті.

Классы	Толық отбасы	Жартылай жетім	Көп бала	Аз қамтылған	Қамқорлықта
5 «А»	26	0	10	3	0
5 «Ә»	17	0	11	3	0
5 «Б»	26	0	2	2	0
5 «В»	15	0	5	2	0

3. Класс жетекшілері өз кластары жайында мәлімет берді.

5 «А» класс жетекші - Салиева Ж.

Класта 26 оқушы. Ұл бала 12, қыз бала-14

Озат білім алушылар саны – 3

Екпінділер -11

Ұлдар күрес, волейбол үйірмелеріне қатысады.

5 «Ә» класс жетекші - Абдильдина Г.

Класта 21 оқушы. Ұл бала 11, қыз бала-10

Үздік білім алушы – 4

Екпінділер – 13

Жалпы сынып оқушыларының мектепке, сыныпқа, мұғалімге бейімделуі жақсы. Мұғалім талабын орындауға тырысады. Сабакқа ынталары жақсы. 1 тоқсанды өте жақсы көрсеткішпен аяқтады. Яғни, 80%.

5 «Б» класс жетекші - Қожанова Ж.

Класта 28 оқушы. Ұл бала 12, қыз бала-16

Оқу озаттары-4 оқушы, оқу екпінділері-12 оқушы.

Класс оқушылары ұжым ішінде ұйымшыл, тәртіппері өте жақсы, әрбір оқушының ұйымдастыру қабілеті бар, жоғары дәрежеде. Мектепшілік, сынып аралық іс – шараларға ұжым толық белсене араласып, әр оқушы өз қабілетіне қарай берілген жұмыстарды ұйымдастыра біледі.

5 «В» класс жетекші - Еркінқызы Э.

Класта 18 оқушы. Ұл бала 13, қыз бала-5 оқиды.

Сапасы I тоқсан қорытындысы бойынша 50%. Озат оқушы -3, екпінді -5 қалған оқушылар қанағаттанарлық.

Үйірмеге қатысатын 9 оқушы, басым көпшілігі спорттық секцияларға, 3 оқушы оқу орталықтарына барады. (ДЮШО 4 куреске, футболға). Оқушылар бір-бірімен жақсы араласады. Бірінші сыныптан бастап бірге оқып дос болып келе жатқан оқушылар да бар. Сонымен қатар класта арнайы бағдарламамен оқытылатын оқушы бар.

4. Пән мұғалімдері сабакта кездесетін қыншылықтары мен білім алушыларға мінездеме берілді.

5. Тарих пән мұғалімі Досшанова А. 5 «А» класс білім алушыларының оқу сапасы туралы мағлұмат берді. Соның ішінде Махмуд Айгерімнің үлгерімі, сабак процесіне көп араласпайтыны жайлы айтылды.

6. Мұқанбетсадықов Е. тарих пән мұғалімі 5 «В» класс білім алушылар Онғенбай Нұрлыбек, Токабаев Данабекпен сабакты игеруде қындық тудыратындыққа алдағы уақытта жұмыстар жүргізілу керектігі айтылды.

7. 5 класс білім алушылар денсаулығына байланысты медициналық тексерістен өтті, сонымен қатар кейбір білім алушылар тұрғылықты

жеріне байланысты дәрігерлік тексеруге жіберілді деп мектеп медбиексі – Калиева Д. айтып отті.

Көз дәрігері – 5 білім алушы

Хирург – 2 білім алушы

Лор дәрігері – 2 білім алушы

Невропатолог – 3 білім алушы

8. 5 «В» класс білім алушы Жалғасбеков Ерасыл жайлышталқыланды.

Класс жетекшісі Еркінқызы Э. «ПМПК шешімімен арнайы бағдарламамен оқытылатын оқушы. Оқушы арнайы оқулықпен қамтылған. Арнайы бағдарламамен Ерасылдың оқитындығы пән мұғалімдеріне, сондай-ақ ата-анамен үнемі байланыста» екендігі жөнінде айтты.

Мектеп психологы Аккальшева Г. психологиялық мінездемесін атап отті. «Ерасылдың ортамен қарым-қатынасы жақсы. Танымдық үрдістерінің ішінде қабылдауы баяу, зейіні төмен, есте сақтау қабілеті төмен. Білім алушымен жеке жұмыстар жүргізіліп жатқандығы» жайлышты айтты.

Мектеп логопеді Идирисова Г. «білім алушы Жалғасбеков Ерасылдың логопедиялық қорытындысына сай жұмыстар жүргізіліп отырғандығын оның ішінде; дыбыстарды дұрыс айту, әріптерді таныту, сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту, танымын молайтуға, байланыстырып сөйлесуін дамытуда жұмыстар жүргізіліп отырғандығын» айтты.

ҚОРЫТЫНДЫ:

5 класс білім алушыларының психологиялық зерттеу қорытындылары, деңсаулық жағдайы, элеуметтік жағдайы класс жетекшілері мен пән мұғалімдеріне ұсынылды.

Ұсыныс:

1. Класс жетекшілері сыныпта білім алушыларды сыныптан тыс жұмыстарға, қоғамдық жұмыстарға қатыстыру. Орта буынға бейімделуін қадағалауды жалғастыру.
2. 5 класс білім алушылармен психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарын күшету.
3. 5 «В» класс білім алушы Жалғасбеков Ерасылмен психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарын жалғастыру.

Шешім:

1. Класс жетекшілері сыныпта оқшау қалған білім алушыларды сыныптан тыс жұмыстарға, қоғамдық жұмыстарға қатыстырын.
2. 5 «В» класына психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары күшетілсін.

3. 5 «В» класс білім алушы Жалғасбеков Ерасылмен
психологиялық-педагогикалық колдау жұмыстары
жалғастырылсын.

Педагог-психолог: Г.О. Аккалышева

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысы



Ақтөбе қаласындағы «№30 қазақ орта мектеп» КММ

**«1, 10 класс білім алушылардың ортага бейімделу» тақырыбында
откізілген психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің З-отырысының
хаттамасы**

23.02.2024ж

Откізілген орны: № 14 кабинет

Қатысқандар:

1 класс білім алушылардың класс жетекшілері:

Тастаева А. – 1 «А» класс

Абильдаева А. – 1 «Ә» класс

Жусупова А. – 1 «Б» класс

Саримова Г. – 1 «В»

10 класс білім алушылардың класс жетекшілері:

Джугунусова А. – 10 «А» класс

Елшибекова Ф. – 10 «Ә» класс

Бакытжанова С. – 10 «Б» класс

Әкімшілік мүшелері:

Амитжанова И. – мектеп директоры

Сүлейменова Қ. – директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары

Ермұханбетова Қ. - директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары

Мектеп психологтары:

Қосмағамбетова Б.

Аккалышева Г.

Мектеп логопеді:

Идирисова Г.

Әлеуметтік педагог:

Танашибаева А.

10 класс білім алушылардың пән мұғалімдері

Мектеп медбикесі - Калиева Д.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты:

- Сынып ұжымы мен әрбір жеке тұлғасының ерекшеліктерін зерттеу.

- Әрбір білім алушының жеке тұлғасының дамуына қолайлы жағдайларды үйімдастыру, білімі мен біліктілік дағдысындағы кемшіліктерді жоюдың педагогикалық шаралар жүйесін, белгілі бір педагогикалық көзқарасын туғызу.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1, 10 класс білім алушылардың бейімделуіне салыстырмалы талдау жасау.
- 1, 10 класс білім алушылардың әлеуметтік жағдайы.
- 1, 10 класс білім алушыларга класс жетекшілердің мінездеме беруі
- Пән мұгалімдері сабакта кездесетін қыншылықтары мен білім алушыларға мінездеме беруі
- 1, 10 класс білім алушылардың денсаулық жағдайы.

Тындалды:


1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 3-ші отырысында мектеп психологтары Қосмағамбетова Б., Аккальшева Г. бейімделуге байланысты тренинг өткізді.

1 класс білім алушылардың психологиялық жағдайы мен өткізілген тест қорытындыларының нәтижелерімен таныстырылды.

1 класс білім алушыларының мектепке бейімделуіне арналған «Керн-Йерасик» тесті, білім алушылардың мінез-құлқын сипаттау мақсатында «Темперамент» тесті, өзін-өзі бағалау мақсатында «Баспалдақ» тестінің қорытындылары, ата-аналарға арналған сауалнамаларды, өткізілген түзету-дамыту жаттығуларды атап өтті.

Білім алушылардың мектепке көзқарасы зерттелді.

Білім алушылардың Керн- Йерасик тесті бойынша баланың мектепке дайындық деңгейін анықтау нәтижелері



2. Мектептің әлеуметтік педагогы Танашибаева А. 1 класс білім алушылардың әлеуметтік жағдайын атап өтті.

Класы	Толық отбасы	Жартылай жетім	Көп бала	Аз қамтылған	Қамқорлықта
1 класс	91	1	19	5	0

3. Класс жетекшілері өз кластары жайында мәлімет берді.

1 «А» класс жетекші – Тастаева А.

Класта 26 білім алушы. Ұл бала -15, қыз бала- 11

1 «Ә» класс жетекші – Абильдаева А.

Класта 25 білім алушы. Ұл бала - 13, қыз бала- 12

1 «Б» класс жетекші – Жусупова А.

Класта 25 білім алушы. Ұл бала - 13, қыз бала - 12

1 «В» класс жетекші – Саримова Г.

Класта 28 білім алушы. Ұл бала - 15, қыз бала- 13

Жалпы білім алушылардың мектепке, сыныпқа, мұғалімге бейімделуі жақсы. Мұғалім талабын орындауда тырысады. Сабакқа ынталары жақсы.

4. Мектеп медбикесі – Калиева Д. 1 класс білім алушылар медициналық тексерістен алдағы уақытта өтегіндегі туралы хабарлады.


5. Мектеп логопеді Идирисова Г.С. 4 – 15 қыркүйек аралығында 1 класс білім алушылардың сөйлеу тілін, сөздік қорларын, білім алушылардың жас ерекшелгіне сәйкес сөйлеу компоненттері сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды анықтау мақсатында логопедиялық диагностика жүргізгенін айтты. Диагностика нәтижесінде анықталған білім алушыларды сынып жетекшісіне ескертіп, ата-аналардан өтініш алыш білім алушыларды логопедиялық тізімге алынды. Қазіргі таңда білім алушылармен оқу, жазу кемшіліктерімен және тілдік дыбыстырудың бұзылыстарын түзету жүргізілген.

6. 10 класс білім алушылардың психологиялық жағдайы мен өткізілген тест корытындыларының нәтижелерімен таныстырыды.

10 класс білім алушыларының жоғары буынға бейімделуіне арналған «Лусканов» тесті, білім алушылардың міnez-құлқын сипаттау мақсатында «Темперамент» тесті, өзін-өзі бағалау мақсатында «Баспалдақ» тестінің қорытындылары, топ ұжымының өзара қарым-қатынасын анықтауда «Социометрия» тесті, ата-аналарға арналған сауалнамаларды, өткізілген түзету-дамыту жаттыгуларды атап өтті.

Білім алушылардың мектепке көзкарасы зерттелді.

**Білім алушылардың мектепке, сабак процесі мен мектептегі жағдайларға деген
эмоционалды реакциясын анықтау нағијелері**



7. Мектептің әлеуметтік педагогы Танашбаева А. 10 класс білім алушылардың әлеуметтік жағдайын атап өтті.

Класы	Толық отбасы	Жартылай жетім	Көп бала	Аз камтылған	Қамқорлықта
10 класс	57	0	20	3	0

8. Класс жетекшілері өз кластары жайында мәлімет берді.
 10 «А» класс жетекші - Джугунусова А.
 Класта 28 білім алушы. Ұл бала - 14, қыз бала - 14
 10 «Ә» класс жетекші – Елшибекова Ф.
 Класта 25 білім алушы. Ұл бала - 10, қыз бала - 15
 10 «Б» класс жетекші – Бақытжанова С.
 Класта 21 білім алушы. Ұл бала - 11, қыз бала - 10
 Жалпы білім алушылардың мектепке, сыныпқа, мұғалімге бейімделуі жақсы. Мұғалім талабын орындауға тырысады. Сабакқа ынталары жақсы.
9. 10 класс білім алушылар денсаулығына байланысты медициналық тексерістен өтті, сонымен қатар кейбір білім алушылар түрғылықты жеріне байланысты дәрігерлік тексеруге жіберілді деп мектеп медбиексі – Калиева Д. айтып өтті.
 Көз дәрігері – 8 білім алушы
 Хирург – 4 білім алушы
 Лор дәрігері – 1 білім алушы
 Невропатолог – 2 білім алушы
 Эндокринолог – 13 білім алушы

10. ҚОРЫТЫНДЫ:

1, 10 класс білім алушыларының психологиялық зерттеу қорытындылары, денсаулық жағдайы, әлеуметтік жағдайы класс жетекшілері мен пән мұғалімдеріне ұсынылды.

Ұсыныс:

1. Класс жетекшілері білім алушыларды сыныптан тыс жұмыстарға, қоғамдық жұмыстарға қатыстыру.
2. 1 класс білім алушылардың мектепке, ортаға бейімделуін қадағалауды жалғастыру, «Керн-Йерасик» тестін екінші рет алғып бейімделуін тексеру.
3. 1, 10 класс білім алушылармен психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарын күшайту.
4. 10 класс арасында сыныпта оқшау қалған білім алушылармен жұмыстар жүргізу.
5. Класс жетекшілер білім алушылардың хал-ахуалын пән мұғалімдеріне жеткізу.

Шешім:

1. Класс жетекшілері білім алушыларды сыныптан тыс жұмыстарға, қоғамдық жұмыстарға қатыстырыс.
2. 1 класс білім алушылардың мектепке, ортаға бейімделуін қадағалауды жалғастырып, «Керн-Йерасик» тестін екінші рет алғып бейімделуін тексерілсін.
3. 1, 10 класс білім алушылармен психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарын күшайтілсін.
4. 10 класс арасында сыныпта оқшау қалған білім алушылармен жұмыстар жүргізілсін.
5. Класс жетекшілер білім алушылардың хал-ахуалын пән мұғалімдеріне жеткізілсін.

Педагог-психолог: Б.А. Қосмағамбетова

Г.О. Аккальышева

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысы



**Мектеп логопеді Идирисова Гауһар Сұлтанбекқызының 2023-2024 оқу жылдарын
І тоқсаны бойынша 1 кластар бойынша мектепшілік отырыска жасаган
анықтамасы**

2023-2024 оқу жылдарын қыркүйек айының 15-не дейін бастаушы сыйыптың окушыларына логопедиялық тексеру жұмыстары жүргізілді; 1-сыныпқа келген окушылардың сөйлеу тілін, сөздік қорын, дыбыстарды айту жағдайларын тексеру мақсатында зерттеу жұмыстары 1 «а», 1 «ә», 1 «б», 1 «в» кластарына жүргізілді. Сөйлеудің даму деңгейін тексеру келесі параметрлер бойынша жүргізіледі:

- артикуляциялық аппараттың күйі және дыбыстың айтылуы
- сөздік қорының жағдайы
- сөйлеудің грамматикалық құрылымының жағдайы
- фонематикалық процестердің қалыптасуы
- жазбаша сөйлеуді қалыптастыру
- күнделікті сөйлеу жағдайын тексеру

Окушылардың медициналық қорытындысымен танысу арқылы логопунктке қабылданған окушылардың ата –аналарынан мектеп директорының атына өтініш алынды , окушылардың сөйлеу тілі картасы толықтырылды, окушылардың анамнездері жинақталды, сөйлеу тілінің кемшіліктері бойынша окушыларды топка беліп, сабак кестесі құрылды, ата-аналарға, класс жетекшіге сабак кестесі ескертіліп, мектеп директорымен бекітілді. Сабак кестесіне сай сабактар топтар бойынша жүргізілді. Логопед сабагына жалпы I жартыжылдық бойынша 30 бала қабылданды, оның ішінде 1 класс окушыларының саны- 18

**Логопедиялық сабакқа тіркелген окушылардың тізімі
(2023-2024 оқу жылы I жартыжылдық, қыркүйек айы)**

№	Аты-жөні	Қабылданған уақыты	Класы	Сабак түрі	Логопедиялық қорытындысы
1.	Жакупов Элішер	қыркүйек	1а	топтық (I топ)	ФФЖ
2.	Теміrbай Асылым	қыркүйек	1а	топтық (I топ)	ФФЖ
3.	Есенгелді Әбілмансур	қыркүйек	1а	топтық (I топ)	ФФЖ
4.	Чингизханов Арсен	қыркүйек	1а	топтық (I топ)	ФФЖ
5.	Сақып Диана	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ
6.	Сақып Ибраһим	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ
7.	Дәуренұлы Саят	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ
8.	Асылбек Жансая	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ
9.	Нұрлан Медина	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ, (оку, жазу кемш)
10.	Мұхит Медина	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ
11.	Ерболат Абылай	қыркүйек	1б	топтық (III топ)	ФФЖ
12.	Айтқалиев Айсұлтан	қыркүйек	1б	топтық (III топ)	ФФЖ, (оку, жазу кемш)
13.	Арсланов Мансур	қыркүйек	1б	топтық (III топ)	ФФЖ
14.	Серік Айсана	қыркүйек	1б	топтық (III топ)	ФФЖ, ринофализ
15.	Нұржай Нұрайша	қыркүйек	1в	топтық (III топ)	ФФЖ
16.	Елтоков Мансур	қыркүйек	1в	топтық (III топ)	ФФЖ
17.	Исағали Алина	қыркүйек	1в	топтық (III топ)	ФФЖ
18.	Мұкашев Амир	қыркүйек	1в	топтық (III топ)	ФФЖ
19.	Ермек Мансур	қыркүйек	2в	топтық (IV топ)	ФФЖ, (оку, жазу кемш)
20.	Ұзаққали Саяжан	қыркүйек	2г	топтық (IV топ)	ФФЖ, СТЖД, III деңгейі (оку, жазу кемш)

21.	Сисен Ахмет	қыркүйек	2а	топтық (IV топ)	ФФЖ,
22.	Сакып Даулет	қыркүйек	2а	топтық (V топ)	ФФЖ (тұтықпа)
23.	Шырақбай Тұрсынбек	қыркүйек	2б	топтық (V топ)	ФФЖ (тұтықпа)
24.	Мамытбай Жанель	қыркүйек	3в	топтық (V топ)	ФФЖ, (оку, жазу кемш)
25.	Шарипов Нурислам	қыркүйек	3ә	топтық (V топ)	ФФЖ, (оку, жазу кемш)
26.	Тілеубаев Нурислам	қыркүйек	3а	топтық (V топ)	ФФЖ, (оку, жазу кемш)
27.	Жалғасбеков Ерасыл	қыркүйек	5в	топтық ЕББҚЕ	СТЖД III денгей (зиятының женіл бұзылысы)
28.	Сәрсенгали Эли	қыркүйек	4б	топтық ЕББҚЕ	ФФЖ, СТЖД II-III денгей (ПДТ)
29.	Ибрахимова Дина	қыркүйек	5в	топтық ЕББҚЕ	СТЖД III денгей (КИ)
30.	Мералиева Айсұлу	қыркүйек	5ә	топтық ЕББҚЕ	СТЖД II -IIIденгей, ПДТ (КИ)

Логопедиялық сабакқа тіркелген окушылардың тізімі
(2023-2024 оқу жылы I жартыжылдық, қараша, желтоқсан айы)

№	Аты-жөні	Қабылданған уақыты	класы	Сабак түрі	Логопедиялық қорытындысы
1.	Жарикенов Абай	қараша	МАД	топтық (I топ)	СТЖД II -III денгей
2.	Жакупов Элішер	қыркүйек	1а	топтық (I топ)	ФФЖ
3.	Теміrbай Асылым	қыркүйек	1а	топтық (I топ)	ФФЖ
4.	Тұргамбай Тұмар	қараша	1а	топтық (I топ)	ФФЖ
5.	Чингизханов Арсен	қыркүйек	1а	топтық (I топ)	ФФЖ
6.	Жанузак Диляра	қараша	1а	топтық (I топ)	ФФЖ
7.	Сақып Диана	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ
8.	Сақып Ибрахим	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ
9.	Дәуренұлы Саят	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ
10.	Асылбек Жансая	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ
11.	Нұрлан Медина	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ, (оку, жазу кемшиліктері)
12.	Нұрлыйбек Бейбарыс	қараша	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ
13.	Ерболат Абылай	қыркүйек	1б	топтық (III топ)	ФФЖ
14.	Айтқали Айсұлтан	қыркүйек	1б	топтық (III топ)	ФФЖ, (оку, жазу кемшиліктері)
15.	Арсланов Мансур	қыркүйек	1б	топтық (III топ)	ФФЖ
16.	Серік Айсана	қыркүйек	1б	топтық (III топ)	ФФЖ
17.	Нұржай Нұрайша	қыркүйек	1в	топтық (III топ)	ФФЖ
18.	Елтоков Мансур	қыркүйек	1в	топтық (III топ)	ФФЖ
19.	Исағали Алина	қыркүйек	1в	топтық (III топ)	ФФЖ
20.	Жалғасбай Айберген	қараша	1в	топтық (III топ)	ФФЖ
21.	Сабуров Тайыр	қараша	1в	топтық (III топ)	ФФЖ (билингвизм)
22.	Ермек Мансур	қыркүйек	2в	топтық (IV топ)	ФФЖ , (оку, жазу кемшиліктері)
23.	Сисен Ахмет	қыркүйек	2а	топтық (IV топ)	ФФЖ, СТЖД
24.	Мамытбай Жанель	қыркүйек	3в	топтық (IV топ)	ФФЖ, (оку, жазу кемшиліктері)
25.	Тілеубаев Нурислам	қыркүйек	3а	топтық (V топ)	ФФЖ (оку, жазу кемшиліктері)
26.	Сақып Даулет	қыркүйек	2а	топтық (V топ)	ФФЖ (тұтықпа)
27.	Шырақбай Тұрсынбек	қыркүйек	2б	топтық (V топ)	ФФЖ (тұтықпа)
28.	Жалғасбеков Ерасыл	қыркүйек	5в	топтық ЕББҚЕ	СТЖД III денгей (зиятының женіл бұзылысы)
29.	Сәрсенгали Эли	қыркүйек	4б	топтық ЕББҚЕ	ФФЖ, СТЖД II-III денгей (ПДТ)
30.	Ибрахимова Дина	қыркүйек	5в	топтық, жеке	СТЖД II-III денгей,ПДТ

31.	Мералиева Айсұлу	қыркүйек	5ә	ЕББҚЕ топтық ЕББҚЕ	(КИ) СТЖД III деңгей (КИ)
-----	------------------	----------	----	-----------------------	------------------------------

Логопедиялық сабакқа тіркелген оқушылардың тізімі
(2023-2024 оку жылы II жартыжылдық қантар, ақпан, наурыз айы)

№	Аты-жөні	Қабылданған уақыты	Класы	Сабак түрі	Логопедиялық қорытындысы
1.	Жарикенов Абай	қараша	МАД	топтық (I топ)	СТЖД II -III деңгей
2.	Жакупов Әлішер	қыркүйек	1а	топтық (I топ)	ФФЖ
3.	Теміrbай Асылым	қыркүйек	1а	топтық (I топ)	ФФЖ
4.	Тұргамбай Тұмар	қараша	1а	топтық (I топ)	ФФЖ
5.	Чингизханов Арсен	қыркүйек	1а	топтық (I топ)	ФФЖ
6.	Сақып Диана	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ
7.	Сақып Ибрахим	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ
8.	Дәуренұлы Саят	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ
9.	Асылбек Жансая	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ
10.	Нұрлан Медина	қыркүйек	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ, (оку, жазу кемшиліктері)
11.	Нұрлыбек Бейбарыс	қараша	1ә	топтық (II топ)	ФФЖ
12.	Ерболат Абылай	қыркүйек	1б	топтық (III топ)	ФФЖ
13.	Айтқали Айсұлтан	қыркүйек	1б	топтық (III топ)	ФФЖ, (оку, жазу кемшиліктері)
14.	Арсланов Мансур	қыркүйек	1б	топтық (III топ)	ФФЖ
15.	Серік Айсана	қыркүйек	1б	топтық (III топ)	ФФЖ
16.	Нұржай Нұрайша	қыркүйек	1в	топтық (III топ)	ФФЖ
17.	Елтоков Мансур	қыркүйек	1в	топтық (III топ)	ФФЖ
18.	Исағали Алина	қыркүйек	1в	топтық (III топ)	ФФЖ
19.	Жалғасбай Айберген	қараша	1в	топтық (III топ)	ФФЖ
20.	Ермек Мансур	қыркүйек	2в	топтық (IV топ)	ФФЖ, (оку, жазу кемшиліктері)
21.	Сисен Ахмет	қыркүйек	2а	топтық (IV топ)	ФФЖ, СТЖД
22.	Мамытбай Жанель	қыркүйек	3в	топтық (IV топ)	ФФЖ, (оку, жазу кемшиліктері)
23.	Тілеубаев Нурислам	қыркүйек	3а	топтық (V топ)	ФФЖ (оку, жазу кемшиліктері)
24.	Сақып Даulet	қыркүйек	2а	топтық (V топ)	ФФЖ (тұтықпа)
25.	Шырақбай Тұрсынбек	қыркүйек	2б	топтық (V топ)	ФФЖ (тұтықпа)
26.	Жалғасбеков Ерасыл	қыркүйек	5в	топтық ЕББҚЕ	СТЖД III деңгей (зияттының жеңіл бұзылысы)
27.	Сәрсенғали Әли	қыркүйек	4б	топтық ЕББҚЕ	ФФЖ, СТЖД II-III деңгей (ПДТ)
28.	Ибраһимова Дина	қыркүйек	5в	топтық жеке ЕББҚЕ	СТЖД II-III деңгей, ПДТ (КИ)
29.	Мералиева Айсұлу	қыркүйек	5ә	топтық ЕББҚЕ	СТЖД III деңгей (КИ)

(1«а» -7 (3), 1 «ә» -9 (4), 1 «б» -5 (1), 1 «в» -6 (2)

Логопедиялық жұмыстың мақсаты мен мазмұны баланың сөйлеу тілінің бұзылуының себептерін анықтап, сонымен қатар сақталған функцияларын орнына келтіру, дамыту мүмкіншіліктеріне негізделеді.

Оқушылардан алынатын құжаттар тізімі; ата-анадан өтініш

*анамнез . Аnamnez арқылы оқушының жасына сай даму деңгейін анықтаймыз

*сөйлеу картасын толтыру (зерттеу жұмысы) оқушының сөйлеу тілінің кемшиліктерін анықтаймыз. Оқушылардың ауыз күйеси артикуляциясын , тіл құрылышын (қысқа тіл

желбезегі , жалпақ тіл) жақтың орналасуы, ауыз сілекейінің жағдайын, тілдің тонусын анықтау, демінің ұзактығы , қалыптылығы)

* сабак кестесі (топтық сабақтар)

* ата-аналардан алынатын сауалнама (окушының мектепке дайындығы, үй жағдайы, ата-ананың баламен байланысы)

Окушылардың сөйлеу тілі бұзылысының ақаулықтарына 1 а классы бойынша;

1 «б» классы бойынша дыбыс айту кемшіліктерімен 4 окушы р, с, ш, л, дыбыстарымен тіркелді, Күрделі сөйлеу бұзылысы бар окушы 1 окушы – Серік Айсана ринофалия, дыбыс айту жолы мұрын жолына түсіп кеткен, окушыда қазірде жақсы нәтиже байқалып келеді. 1 окушы Асанов Мансур дыбыс айту бұзылысымен, мінез – құлық өзгерісімен, окушыда зейіні шоғырланбаған, сол ретте жұмыс жүріп отыр, сабақтан көп қалады.

Дислалия — дыбысты дауыстап айтудың бұзылуы. Дислалиялық дыбыстық бұзылулар артикулярлық аппарат құрылымының ақауларымен, сондай — ақ сөздік тәрбиенің ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Логопедтің екінші міндеті дисграфия, дислексия окушылармен жұмыс оку- жазудың бұзылуының себептерін дұрыс анықтау, түзету. Қазіргі таңда класс окушылар арасында окушыларда оку , жазу кемшіліктерімен окушылар көптеп кездесуде.

Окушыдағы осындағы жұмыстармен жұмыс қарқынды жүргізілуде.

2023-2024 оку жылының осы уақыт аралығында бойынша тізімнен шыққан окушылар окушы.

Мектеп логопеді :  Идірисова Г.С



**Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылармен
маамндардың бірлескен жоспары
(2023-2024 оку жылы)**

Мұғалім логопед: Идирисова Г.С

Педагог-психолог: Аккалышева Г.О

Әлеуметтік педагог: Танашбаева Ә.А

2023-2024 оқу жылы

№	Жұмыстың тақырыбы	уақыты	Жұмыстың түрлері , мақсаты	Жауапты мамандар
Диагностикалық бағыт				
1	1 класс оқушыларын зерттеу, зерделеу жұмыстары	Қыркүйек айы	Логопед маманның 1 класс оқушыларын зерттеуі, психолог – педагогтың 1 класти зерделеу жұмыстары, әлеуметтік педагогтың әлеуметтік жағдайларын анықтауы.	Логопед Идирисова Г Психолог Аккальшева Г Әлеуметтік педагог Танашибаева Ә
2	ПМПК шешімімен келген оқушылардың корытындысымен танысу	Қыркүйек айы, жыл бойы	Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың құжаттарымен танысу, оқушылардың ерекшеліктерін есепке ала отырып жеке оқу бағдарламаларын құру, мектеп медбикесімен байланыс	Логопед, психолог, мектеп медбикесі
3	Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың құжаттарын тексеру	Қыркүйек айы	Жеке жоспарлар құру, бекіту, оқушылардың әлеуметтік жағдайымен танысу.	Логопед, психолог, Әлеуметтік педагог Сынып жетекшісі
Түзету бағыты				
4	2-3 класс оқушылары арасында үлгермеушілкпен жұмысты үйимдастыру	Қазан айы	Үлгермеушілік сипаты, оқудың олқылықтарын толтыру барысында анықталған оқушыларға бақылау жүргізу, мугалімдерге көнесп өткізу.	Психолог, класс жетекшілері, логопед
5	«Бала өмірдің гүлі» тренинг	Қараша айы	Көмек берудің әдістері мен түрлерін қолдануы жайында ата-аналармен байланыста болу, сынып жетекшісінен сауалнамалар алу, оқушының тұрмыстық жағдайын бақылау	Психолог, әлеуметтік педагог
6	«Бақытты бала!» танымдық ойын	Қараша айы	ЕББҚ ететін оқушылардың сабакқа қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, оқушының әлеуметтік – психологиялық ахуалын көтеру	Логопед, Идирисова Г, әлеуметтік педагог Танашибаева Ә

